Ә. ҒАЛИЕВА

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ «АҚЫЛ» КОНЦЕПТІСІ

(ағылшын тіліндегі аудармасына салыстырмалы талдау)

Қазақ әдеби тілінің даму тарихында ұлы ақын Абай мен ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің алатын орны ерекше болғандықтан, қазақ тілшіғалымдары, тіл тарихы, тілдің диахронды-синхронды жай-күйі бойынша ғылыми көзқарастарды айтуда осы екі заңғар тұлғаның еңбектеріне көбірек назар аударады. Белгілі ғалым, академик Р. Сыздық – Абай шығармаларының тілін терең зерттеген ғалым. Қазіргі кезеңдегі қазақ лингвистикасының көрнекті тұлғасы, ғалымдардың ұстазы Рәбиға Сыздық Абайдың поэзиясын және прозасын жан-жақты қарастырып төмендегідей бағаны ұсынады: «Абай – қазақтың сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілдің негізін қалаушы ғана емес, дамытушысы, тұрақтандырушы және сол дамыту, нормаландыру ісінде үлгі көрсетіп сілтеуші» [1,61].

Абай шығармалары әлемнің талай тілдеріне аударылғандығы белгілі. Солардың ішіндегі ең маңыздысы ағылшын тіліндегі аудармасын айтуымызға болады, өйткені тіл стратегиясы тұрғысынан қарағанда бұл Қазақстан Республикасының Президенті ұсынып отырған «үш тұғырлы тіл саясатына» жауап береді; екіншіден, ағылшын тілі әлемге кең тараған тіл болғандықтан, ұлы Абайдың дана сөздерінің өзге халықтарға таралуына жәрдемін тигізеді; үшіншіден, Абай шығармаларының ағылшын тіліндегі нұсқасын тілді оқыту үдерісінде де пайдалануға болады.

Абайдың «Қарасөздерінің» ағылшын тіліндегі аудармасын жасаған Ричард МакКейн [2].

Осы нұсқаның негізінде біз Абайдың «Қарасөздерінде» көп кездесетін **«ақыл»** концептісіне салыстырмалы талдау жасаймыз. Жан-жақты талдау жасау үшін «қарасөздерінің» орыс тіліндегі нұсқасы да назарға алынады[3].

Бұндағы мақсат мыналарға байланысты:

- академик Р. Сыздық көрсеткендей: «Абайдың тілі – кең тақырып. Бұл тақырыпта бір емес, әлденеше кітап арналуға тиіс. Өйткені жеке жазушының, оның ішінде қазіргі қазақ тілі сияқты үлкен мемлекеттік ұлттық жазба әдеби тілінің негізін салушы Абай тәрізді қаламгердің тілін бірнеше аспектіден зерттеп танып-білу қажет болады» [1,9].

- екіншіден, әлемдік лингвистикада, оның ішінде қазақ тіл білімінде де концептология саласы қарқынды дамып келе жатқаны мәлім.

Концептология ғылымының негізгі зерттеу объектісі – концепт. Концепт, біздің түсінігіміз бойынша, ұжымның (халықтың, ұлттың) білімі мен танымының бірлігі, ұғымдық жүйенің негізгі бірлігі, ол этномәдени ерекшеліктерді бірден таныта алатын тілдік бірлік. Концепт сөздің, сөз тіркесінің, тұрақты орамдардың мазмұндық формасы арқылы актуалданады. Мазмұндық форма, образ, символ, түсінік арқылы беріледі де ұлттың менталды жүйесіне енеді. Тілдік тұрғыдан келгенде, концептіге тіл иесінің әлемді, қоршаған ортаны қарапайым түсінуін білдіретін лексемалар жатады, бұндай лексемалардың жиынтығы ұлт мәдениетін, ұлттың таным-түсінігін шоғырландырып көрсететін концептосфераны құрайды.

«АҚЫЛ» деген концептіні қарастырып анықтап алсақ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: **«ақыл** – *адамның ойлау қабілеті, сана-сезім»* деп берілген [3,157]. Қазақша-орысша сөздігінде: **«ақыл»** деген сөздің бірнеше баламасы берілген: *разум, ум; рассудок.* Ал енді орысша-ағылшынша сөздігінде **«ақыл»** келесіні білдіреді:

разум-*1) reason 2) (ум, интеллект) mind, intellect 3) (сознание) senses*

ум- *mind; brains ; (разум) wit, intellect*

рассудок - *1) reason, intellect 2) judg(e)ment, mind - в полном рассудке - лишиться рассудка 3) (здравый смысл) common/good sense.*

Сонымен Абайдың «Қарасөздерін» қарастырып салыстырсақ, жиырма жетінші сөзінде ***ақыл иесі*** фразеологизм тіркесі екі рет кездескен. Бірінші мысалда:

Олай болса, кім артықша ғажайыблануға лайықты, жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтұғын суретші ме, я жан иесі, ***ақыл иесі*** *адамды жаратушы ма? – дейді* [4,56].

Кто по-твоему достоин большего восхищения, тот, кто создаст безжизненное изображение человека или Всевышний, сотворивший ***человека с*** *его* ***разумом*** *и живой душой* [4, 190].

Who, do you think, is more worthy of administration: one who creates a lifeless image of man, the Most High, who created ***man*** *endowed* ***with reason*** *and a living soul?* [2, 129].

Осы мысалда *ақыл иесі* тура мағынасы *ақылдың иесі, қожасы* дегенді білдіреді. Осы өмірде **ақыл** – естілік адамға ғана тән болғандықтан біздің аударушыларымыз орыс тіліндегі және

ағылшын тіліндегі нұсқаларында *адам* (*человек, man*) деп алған. Мыс., *ақыл иесі* → *человек с разумом* → *man with reason*. Сонымен бірінші мысалда *ақыл иесі* фразеологизмі калька түрінде аударылған.

Екінші мысал:

Тақиқ бұл айтқаныңның бәрі рас, жаратушы артық **ақыл иесі** *екендігі мағлұм болды* [4,59].

Верно все, что ты говорил, – ответил ученик, – ясно, что Создатель ***обладает поистине великим разумом*** [4,192].

... It is clear that the Creator ***possesses sublime intelligence*** [2,131].

Ақыл иесі деген сөздің аудармасы екі нұсқада да түсіндірме ретінде берілген. Бірінші мысалда адам ең ақылды жан болса, екінші мысалда Абай атамыз ақылды Жаратушы құдаймен теңестіріп, аудармашылар көркем түрде бейнелеген.

Ричард МакКейн ***разум*** деген сөзге ***intelligence*** – *«интеллект, рассудок, ум, способность к пониманию»* дегенді алған. Сонымен қатар осы мысалда **ақыл иесі** фразеологизмі түсіндірме арқылы аударылған.

Отыз екінші сөзде **ақыл кеселі** фразеологизмі кездеседі. *Кесел* деген сөздің орыс тіліндегі баламасы *болезнь, хворь; препятствие, помеха; вредная привычка* дегенді білдіреді. Абай тілі сөздігінде сол сөздің *науқас, сырқат, дерт, індет* деген баламасы берілген [5,311]. Бірақ **ақыл кеселі** фразеологизміне тоқталсақ, ол, әрине, баламасы басқаша болуға тиісті.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған **ақыл кеселі** *деген төрт нәрсе бар* [4, 69].

В-пятых, в девятнадцатом Слове сказано о четырех ***губительных недостатках ума****, среди них тот, что называется беспечностью, праздностью ума* [4, 202].

Fifth, I spoke previously of four ***harmful attitudes of mind****, and among these we named careless sloth or idleness* [2, 140].

Абайдың «Қарасөздеріндегі» ***ақыл кеселі*** орыс тіліне ***губительные недостатки ума*** *(ақылдың кемшіліктері)*, ал ағылшын тіліне ***harmful attitudes of mind*** *(губительный склад ума)* [6, 127] деп берілген.

Ақыл кеселі сөзінің орыс тіліндегі баламасындағы ***(губительные недостатки ума)*** *«губительный»* сөзі мағынаның күшейтпелі түрінде қолданылған, осыған орай **ақыл кеселі** сөзі ағылшын тілінде де (***harmful attitudes of mind)*** «***harmful***» күшейтпелі мағынаны білдіреді.

«***Ақыл табуға сөз ұға алмау***» деген фразеологизмін талдайық:

Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, **ақыл табуға сөз ұға алмайсың** [4, 19].

...Если ты жив, но душа твоя мертва, ***слова разума не достигнут твоего сознания****, ты не сумеешь зарабатывать на жизнь честным трудом* [4, 152].

...If body is alive but your soul is dead, ***words of reason will not reach you****, and you will be incapable of earning your living by honest work* [2, 90].

Осы мысалда ***ақыл табуға сөз ұғып алу*** деген фразеологизмнің орыс тіліндегі баламасы ***слова разума достигнут твоего сознания.*** Әрине осыған лайықты ағылшын тіліндегі баламасында дәл ұқсас болып келеді. Егер де орыс тіліне аударумашы *внять доводам рассудка; прислушаться к голосу разума* [7, 278] деген нұсқаларын қарастырғанда оның ағылшын тіліндегі нұсқасы мүмкін осылай болар еді *to listen to /to hear/ reason* [7, 278]. Екінші пікір, ағылшын тілінде «Words» деген өте танымал өлеңі бар. Сол өлең нұсқасын үлгіге алсақ, *ақыл табуға сөз ұға алу* деген фразеологизмін ағылшын нұсқасында ***words of reason*** дегеннің орнына *words of wisdom* алуға болар еді.

Абай атамыздың «Қарасөздерін» оқыған сайын, біз келесі тұжырымға келеміз. Сол кезеңнің идеологиясы бойынша халықтың ғылымға, ақылға, білімге кері көзқарасы байқалады. Осыған қарай Абай надандықты бейнелейтін өте көп фразеологизмдерді қолданған. Мыс., *ақылды жіберу, ақылдың көзін байлау, ақылы жоқ, ақылдың дұшпаны* және т.б.

Айталық, жиырма алтыншы сөзінде **ақылға теріс** деген фразеологизм кездеседі.

Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, **ақылға теріс** [4, 54].

Известно, вызывать в людях зависть намеренно – значит нарушить шариат, повредить своим делам, ***противиться здравому рассудку*** [4, 88].

It is common knowledge that to provoke envy on purpose ***is contrary to*** *the Shariah laws, one's interests and* **sound reason** [2, 127].

Жоғарыда келтірілген мысалдардың орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі нұсқаларын салыстырсақ, ағылшын тіліндегі аудармасында біраз ерекшеліктер бар. Әрине қазақ тіліндегі ***ақылға теріс*** фразеологизмнің орыс тіліндегі нұсқасында тікелей аудармасы берілген сияқты ***противиться здравому рассудку.*** Ал ағылшын тіліндегі нұсқасында аудармашы біздің мысалдың тек мазмұнды аудармасын берген ***to be contrary to the sound reason.***

Аудармашы Ричард МакКейннің ағылшын тіліндегі нұсқасын тура аударып көрейік.

to contrary to – против, вопреки [6, 353].

sound - здравый, разумный [7, 504].

reason- здравый рассудок [7, 278].

Δ — ***to be contrary to*** быть вопреки, противиться.

Барлығын аударғанда ***to be contrary to the sound reason — противиться здравому рассудку*** деген мағына береді. Қазақша нұсқасында *ызаландырмақ — шариғатқа харам* деп жазылса, орысша аудармасында *вызывать в людях зависть намеренно — значит нарушить шариат* деп аударылған. Абай тілі сөздігі бойынша [5,713] **ызаландыру** – ашуландыру, ызасын келтіру; **ызалану** – ашулану, көрлену, зығырдану, қайнау; **ызалы** – көрлі, кекті, ашулы деп берілген. **Зависть** – қазақ тіліне аударғанда *қызғаныш, көре алмаушылық*. Яғни мағына жағынан және тура аудару жағынан қате кеткен. Абайдың жиырма алтыншы сөзінде айтылатын ой: біреуді ызаландырсаң, ашуландырсаң бұл шариғатқа кері іс-қимыл деп айтылса, орыс тілі баламасында *«зависть»* деп *қызғаныш, көре алмаушылық* деп берілген. Қызғаншақтық, көре алмаушылық жат, кері қасиеттердің бірі. Осы жерде біз ойдың бұзылуына, бұрмалануына тап болдық. Осыған байланысты көптеген аудармашылар ағылшын тіліне аудару үшін орыс тіліндегі баламасына жүгінеді. Сондықтан *зависть* деген орыс тіліндегі сөз ағылшын тілі аудармасына да *ызаландыру* деп аударылмай *envy* деп, яғни *қызғаныш* деп берген. Осы «Қарасөздің» аудармасы өзінше ерекше. Яғни *«Біреуді ызаландырмақ — шариғатта харам, шаруаға залал,* ***ақылға теріс»*** деп айтылғанда, қазақ халқының діни сеніміне, шаруасына, ақыл-санасына кері іс-қимыл, кері қасиеттерінің бірін көтеріп айтып отыр. Осы «Қарасөзді» орыс тіліне аударған аудармашы бәлкім біреуді ызаландыру – кері қасиет екенін білмеген. Ол қызғаныш кері қасиет деп берген. Қызғаныштық, көре алмаушылық әрбір адам болмысының мінездегі жаман қасиет. Оған мін жоқ. Бірақ біз аударма туралы айтып, басқа халыққа қазақ болмысының, діни, ақыл санасының, танымын көрсетудеміз. Көптеген адамдар біреуді ызыландыру, ашуландыру жаман қасиет екенін білмейді. Психологиялық-медициналық тұрғыда адам ызаланғанда оның жүйке жүйесіне, денсаулығына, әсіресе жүрегіне қысым келтіреді. Осы жағдайларды көбісі біле тұра бұл діни тұрғыдан харам, керітартпа қасиет екенін білмейді. Ағылшын азаматы *қызғаныш* деп таныса бұны қайдан білмек.

Абайдың он бесінші қарасөзінде **«ақылдың көзін байлау»** деген фразеологизм кездеседі.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ***ақылдың көзін байлап****, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен* [4, 35].

...Хмель ***застилает разум****, заставляет совершать оплошности, человек невольно привлекает к себе внимание окружающих, становится объектом людских пересудов и насмешек* [4, 169].

...The flush of success ***clouds their reason*** *and causes them to commit blunders;...* [2, 108].

Келтірілген мысалдарда, аударылған нұсқалардың баламасы дұрыс сияқты. Мыс., ***ақылдың көзін байлау → застилает разум → clouds one's reason.*** *Бірақ,* Оксфордта шығарылған *«Ағылшын тілінің идиомалары сөздігінде»* ***ақылдың көзін байлау*** деген фразеологизмге *to cloud one's* **brain** деген идиома берілген [8,107]. И.Р.Гальпериннің сөздегінен *brain* деген сөз *головной мозг* деп берілген. Ал *reason- здравый рассудок деп жазылған* [6, 278]. Осы жерде әр аударылымда орыс және ағылшын тіліндегі баламалары дұрыс аударылған деп санаймыз. Дегенмен үш тілдегі фразеологизмдердің нұсқаларын салыстыра талдайық. Айталық, қазақ тілінде **«*ақылдың көзін байлау*»** деген **еш нәрсені ойлатпау, пайымдатпау** дегенді білдіреді [5, 318]. Ал орыс тілінде олар ***хмель застилает разум,*** яғни «хмель» деген ***дурман-трава*** дегенді білдіреді. Енді ол ағылшын тілінде **to cloud** дегенді білдіреді. Сөздіктегі аудармасына сүйенсек **to cloud** сөзі **затемнять** деп берілген [6,313].Осы үш фразеологизмдерді зерттей келе әр мәдени ошақта қандайда бір істі айқындаудағы икемі, өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін байқаймыз. Бұл жағдайда біз тек аударманың сапалылығына мән береміз, сонымен қатар фразеологизмдерді қолдану арқылы орыс және ағылшын мәдениетінің ерекшеліктерін түсініп, танысамыз.

Келесі ***«Ақылдың дұшпаны»*** сөз тіркесі отыз екінші сөзінде кездеседі.

Аударылған тілдердегі нұсқаларын қарастырсақ, ***ақылдың дұшпаны*** орыс тіліне ***губительно для разума,*** ал ағылшын тіліндегі нұсқасы орыс тілінен калькаланған**.**

... Әуел құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – гибраттың бесінші – ***ақылдың****, ардың бәрінің* ***дұшпаны*** *ол* [4, 69-70].

... Оно ***губительно*** *и для Бога, и для человека, и для* ***разума****, и для чести* [4, 202].

... It is ***pernicious*** *both for God and for man, both* ***for reason*** *and for honour* [2, 140].

Түпнұсқа мен ағылшын тіліндегі мәтіндері салыстыру нәтижесі бойынша төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: түпнұсқа мен ағылшын тіліне аударылған мәтіндерде ұғым-түсініктердің баламасы үшін сөздіктегі сәйкестіктерді игеру дәстүрі басым. Абайдың «Қарасөздері» қазақ философиясының негізгі үлгісі болып табылады, сондықтан шығармада қазақ

менталдылығына тән сөздер мен сөз тіркестері қолданылған және олардың мағынасы астарлы, көпмағыналы болып келеді, негізінен, контекст арқылы мағынасы ашылады. Осыған байланысты Абайдың «Қарасөздері» аудармаларының салыстырмалы лингвоконцептология аясында зерттелуі өзекті проблемалардың бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Сыздық Р.* Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. 616 б.

2. *Abai.* Book of words. Перевод стихов и прозы Абая на английский язык Ричарда МакКейна. Семей: Международный клуб Абая, 2005. 184 р.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық. Алматы: Ғылым, 1973-1986.

4. *Абай.* Книга слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева Алматы: ЕЛ, 1993. 272 с.

5. Абай тілі сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1968. 735 б.

6. Большой англо-русский словарь: в 2-х т. Ок.160 000 слов / Ю.Д. Апресян, И.Р. Гальперин, Р.С. Гинзбург и др. под общ.рук. И.Р. Гальперина и Э.М. Медниковой. 4-е изд., испр., с дополнением- М.:Рус.яз.,1987 Т.I. А-М

7. Большой англо-русский словарь: в 2-х т. Ок.160 000 слов / Ю.Д. Апресян, И.Р. Гальперин, Р.С. Гинзбург и др. под общ. рук. И.Р. Гальперина и Э.М. Медниковой. 4-е изд., испр., с дополнением- М.:Рус.яз.,1988 Т.II N-Z

8. Oxford Dictionary of English Idioms /A.P.Cowie, R.Mackin and I.R.McCaig/ Oxford University Press/1993.

9. *Нұрышева Г.Ж.* Адам өмірінің философиялық мәні. Алматы, 2001. 240б.

Резюме

В статье на материале переводных текстов на английский язык «Слов назиданий» Абая, анализируются совокупность концептов, характеризующие ментальные особенности казахского народа.